

Активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есептің нысандары мен оны жасау қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 2 шілдедегі № 500 қаулысы.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі 57-бабының 10-тармағына, 60-бабының 3-тармағына, 64-бабының 5-тармағына және 116-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар);

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасау нысандары;

3) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасау қағидалары бекітілсін.

2. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 12-тармағын қоспағанда, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады, бұл ретте Қағидалардың 11-тармағы 2025 жылғы 31 желтоқсанды қоса алғанға дейін қолданылады.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 2 шілдедегі
№ 500 қаулысымен
бекітілген

Активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 57-бабының 10-тармағына сәйкес әзірленді және активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына (бұдан әрі – Ұлттық қор) есепке жатқызу және оның қаражатын пайдалану тәртібін айқындайды.

2-тарау. Активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызу тәртібі

2. Ұлттық қор Бюджет кодексінде белгіленген түсімдердің есебінен қалыптастырылады.

2-1. Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу жасалған кредиттік шарттарда көрсетілген мерзімдерде республикалық бюджетке аудару арқылы жүзеге асырылады.

Жоспарлы кезеңге арналған республикалық бюджетті қалыптастыру кезінде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу бойынша болжанатын түсімдерге балама қаражатты Ұлттық қорға қайтаруды республикалық бюджеттің жобасына енгізу үшін бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға бюджеттік сұрау салу жібереді.

Ұлттық қорға қайтару кезекті қаржы жылының соңына дейін төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарлары негізінде жүзеге асырылады.

Ескерту. 2-тарау 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 06.04.2026 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – Ұлттық Банк) Қазақстан Республикасының Үкіметіне (бұдан әрі – Үкімет) Ұлттық қор қаражатын есепке алу және оны жұмсау үшін теңгелік шот және шетел валютасында түсетін қаражаттың теңгелік баламасын есепке алу үшін теңгеде тиісті шот ашады.

4. Мұнай секторы ұйымдарына:

1) шикі мұнайды, газ конденсатын өндірумен айналысатын заңды тұлғалар;

2) шикі мұнайды, газ конденсатын барлауға келісімшарттар жасасқан заңды тұлғалар;

3) жер қойнауын пайдаланушы салықтық міндеттемені заттай нысанда орындау есебіне берген пайдалы қазбаларды мемлекет атынан алушылар жатады.

Мұнай секторы ұйымдарының келесі қаржы жылына арналған тізбесі ағымдағы қаржы жылының желтоқсанында бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен және жер қойнауын пайдалану, мұнай келісімшарттарын жасасу және

орындау саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын құзыретті органмен бірлесіп бекітіледі.

5. Мемлекеттік қазынашылық айдың басына дейін кемінде бес жұмыс күнінен кешіктірмей Ұлттық қорға жіберілетін және Үкіметтің Ұлттық Банкте ашылған шоттарына аударылатын түсімдер сомаларының алдағы айға арналған болжамын Ұлттық Банкке ұсынады.

6. Ұлттық қорға ұлттық валютадағы түсімдер Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке жатқызылады. Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке жатқызылған ағымдағы жұмыс күні үшін түсімдер сомасын мемлекеттік қазынашылық келесі жұмыс күнінен кешіктірмей Үкіметтің Ұлттық Банкте ашылған теңгелік шотына аударуға тиіс. Ұлттық қорға түсімдер сомасын аудару Ұлттық Банк Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 208 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының аумағында қолма-қол ақшасыз төлемдерді және (немесе) ақша аударымдарын жүзеге асыру қағидаларына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14419 болып тіркелген) 1-қосымшаға сәйкес күн сайын төлем тапсырмасы негізінде жүзеге асырылады.

7. Ұлттық қорға жіберілетін, бюджетке артық төленген, қате немесе жаңылыс түскен сомаларды төлеушілерге қайтару, түсімдердің бюджеттік сыныптамасы кодтары арасында, мемлекеттік кірістер органдары арасында есепке жатқызу Үкіметтің Ұлттық Банкте ашылған шоттарынан есептен шығармай, Бюджет кодексінің 101-бабының 8-тармағына сәйкес бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган айқындайтын бюджеттің қазынашылық атқарылуы және оларға кассалық қызмет көрсету рәсіміне сәйкес (бұдан әрі – бюджетті атқару рәсімі) Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотынан жүзеге асырылады. Бұл ретте Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотында дебеттік сальдоға жол беріледі.

8. Үкіметтің Ұлттық Банкте ашылған теңгелік шотында түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына сәйкес Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін келесі ай сайынғы кепілдендірілген трансфертті аудару шеңберінде жүзеге асырылатын алып қою үшін жеткілікті сомада қаражат жиналғаннан кейін қаржы нарығындағы ахуалға қарай қаражат Ұлттық қордың Ұлттық Банкте шетел валютасында ашылған шотына есепке жатқызыла отырып, теңгелік шоттан айырбасталады.

9. Шетел валютасындағы түсімдерді Ұлттық Банк мемлекеттік қазынашылықтың корреспонденттік шоттарына шетел валютасында есепке жатқызады. Ұлттық қорға есепке жатқызуға арналған валюталар түрлері бойынша шетел валютасын қайта айырбастауды мемлекеттік қазынашылық Ұлттық Банктен электрондық түрдегі төлем құжаттары қоса берілген шетел валютасындағы шоттар бойынша үзінді көшірмелерді алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Шетел валютасы қайта айырбасталғаннан кейін мемлекеттік қазынашылық теңгемен алынған соманы Ұлттық қордың қолма-қол ақшаны бақылау шотына есепке жатқызады және сол жұмыс күні бюджетті атқару рәсіміне сәйкес шетел валютасында түсетін қаражаттың теңгелік баламасын есепке алу үшін Үкіметтің тиісті шотына теңгемен аударады, Үкіметтің шоттарына есепке жатқызылатын шетелдік валютаны дәйекті түрде қайта айырбастау және айырбастау операциясы үшін Ұлттық Банк белгілеген хабарламалар, өтініштер беру және соманы теңгемен есепке жатқызу кестесін сақтайды.

10. Ұлттық Банк Ұлттық қорды басқарудан түсетін инвестициялық кірістерді есепке алуды кастодиандардан түсетін ақпараттың негізінде есепке жазу әдісімен жүргізеді. Инвестициялық кірістердің сомасы Ұлттық қор кастодианының шоттарында Ұлттық қор активтерінің құрамында көрсетіледі.

11. Осы қаулының 3-т. сәйкес 31.12.2025 қоса алғанға дейін қолданыста болды.

12. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың бірінші күні Үкіметке осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақша қозғалысы туралы есепті ұсынады.

13. Ұлттық қорға түсетін Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге түсімдер мен кірістерді заңды және жеке тұлғалар Үкіметтің Ұлттық Банкте ашылған шотына аударады.

3-тарау. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражатын пайдалану тәртібі

14. Ұлттық қордың қаражатын пайдалану Бюджет кодексінде көзделген мақсаттарға ғана жүзеге асырылады. Ұлттық қордың қаражатын жұмсау Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферт түрінде, Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын мақсаттарға аса маңызды объектілер мен жалпы елдік маңызы бар жобаларды қаржыландыруға Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін нысаналы трансферттер (бұдан әрі – Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферттер) түрінде, нысаналы талаптарды төлеу және нысаналы жинақтарды аударуға, есепке жатқызу мен төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды жабу түрінде, сондай-ақ Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайын аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабу түрінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысының негізінде мемлекеттік қазынашылық міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарын жасайды және бекітеді, оларға сәйкес

республикалық бюджетке Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген және нысаналы трансферттерді қаржы жылы ішінде тиісті кезеңге көзделгеннен аспайтын көлемде тарту жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қазынашылық республикалық бюджет бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары бекітілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферттің бекітілген көлемін, Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферттердің бекітілген көлемін айларға бөле отырып, Ұлттық Банкке жеткізеді және Ұлттық Банк аударуды жүзеге асыратын деректемелер туралы хабарлайды.

"Нысаналы талаптарды, нысаналы жинақтарды және нысаналы жинақ төлемдерін қалыптастыру мен есепке алу, сондай-ақ нысаналы талаптарды есепке жазу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 18 қаңтардағы № 16 қаулысының негізінде Ұлттық Банк "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамынан нысаналы талаптарды аударуға арналған өтінімді алғаннан кейін "Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры" акционерлік қоғамының нысаналы активтерінің шотына ақша аударуды жүзеге асырады.

15. Мемлекеттік қазынашылық республикалық бюджеттің Ұлттық қордан берілетін кепілдік берілген трансфертке қажеттілік көлемін ай сайын болжайды.

Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген трансфертке республикалық бюджет қажеттілігінің алдағы айға арналған көлемін болжау республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы бюджет қаражатының қалдығы, республикалық бюджетке түсетін түсімдердің күтілетін көлемінің болжамдары мен республикалық бюджет шығыстарының алдағы айда күтілетін атқарылуы және республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері ай сайын мемлекеттік қазынашылыққа ұсынатын ақпарат ескеріле отырып айқындалады.

16. Ұлттық қордан кепілдендірілген және нысаналы трансферттерді бөлуге арналған өтінімді (бұдан әрі – өтінім) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жасайды, оған бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қояды және келесі жұмыс күнінен кешіктірілмей Ұлттық Банкке жіберіледі.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін кепілдендірілген трансферттің ақша қажеттілігінің қажетті көлемін аудару ай сайын Ұлттық Банкке жіберілетін өтінімнің негізінде жүзеге асырылады.

Ұлттық қордан республикалық бюджетке берілетін нысаналы трансферттерді аудару Ұлттық Банкке жіберілетін өтінімнің негізінде жүзеге асырылады.

Ұлттық Банк бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның өтінімі негізінде оны алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде кепілдік берілген

трансферттің мәлімделген сомасын, он бес жұмыс күні ішінде Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансфертті республикалық бюджеттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына аударады.

Ұлттық қордың өтінімді/өтінімдерді орындау үшін қажетті теңгедегі қаражатын есепке алу үшін Үкімет шотында ақша болмаған немесе ықтимал жеткіліксіз болған жағдайларда Ұлттық Банк Ұлттық қордың шетел валютасындағы шотынан шетел валютасындағы ақшаның немесе активтердің бір бөлігін Ұлттық Банк басқармасының 2006 жылғы 25 шілдедегі № 67 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының активтерін айырбастау және қайта айырбастау қағидаларына (бұдан әрі – Айырбастау қағидалары) сәйкес қайта айырбастауды жүргізеді.

17. Республикалық бюджеттің болжамның негізінде айқындалған алдағы айға арналған бюджеттік ақшасы жеткілікті болған кезде мемлекеттік қазынашылық әрбір айдың 25-і күніне дейін Ұлттық Банкке хат жібереді, онда алдағы айға Ұлттық қордан кепілдендірілген трансферттің ақшасын аудару талап етілмейтінін хабарлайды.

18. Келесі айларда тиісті түзетумен белгілі бір айда Ұлттық қордан берілетін кепілдендірілген немесе нысаналы трансферттің көлемін түзетуді (азайтуды не арттыруды) талап ететін факторлар туындаған кезде республикалық бюджет бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі.

19. Ағымдағы қаржы жылының басында төленбеген тіркелмеген міндеттемелердің сомасынан аспайтын көлемде Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферт есебінен өткен жылдың бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган ағымдағы қаржы жылының 20 қаңтарына дейінгі мерзімде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті органға өткен қаржы жылында іс-шаралардың толық орындалмау себептерін көрсете отырып, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері және инвестициялық жобалар бөлінісінде бюджеттік даму бағдарламалары бойынша қаржыландыру жоспарларының орындалуы туралы ақпаратты ұсынады.

20. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органнан алынған ақпараттың негізінде бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган белгіленген тәртіппен Республикалық бюджет комиссиясының қарауына ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті түзету арқылы төленбеген міндеттемелер бөлігінде ағымдағы қаржы жылында бюджеттік даму бағдарламаларын қаржыландыру бойынша ұсыныс енгізеді.

21. Мемлекеттік қазынашылық Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулысы, осы Қағидалардың 19 және 20-тармақтарында санамаланған құжаттар негізінде бюджетті атқару рәсіміне сәйкес міндеттемелер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына, түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарына өзгерістер енгізеді.

22. Нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған Ұлттық қордан берілген нысаналы трансферттер, жоғары тұрған бюджеттен берілген нысаналы трансферттер мен бюджеттік кредиттер мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша қабылданатын аудиторлық қорытындыға сәйкес мемлекеттік аудиттің нәтижелері бойынша қабылданатын аудиторлық қорытындыға қол қойылғаннан кейін үш айдан кешіктірмей тиісінше Ұлттық қорға немесе тиісті бюджетке міндетті түрде қайтарылуға жатады.

Бұл ретте Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттер республикалық бюджеттен Ұлттық қорға қайтарылуға жатады.

Бюджеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың соңына дейін республикалық бюджетті қалыптастыру немесе нақтылау кезінде Ұлттық қорға бюджеттік кредиттердің қайтарылуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 06.04.2026 № 230 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша Ұлттық қордан республикалық бюджетке нысаналы трансферт түрінде тартылған қаражат толық пайдаланылмаған кезде бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган оларды осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес толық пайдалануға рұқсат етілген сомаларды қоспағанда, республикалық бюджет қаражатының қалдықтары есебінен бюджетті түзету арқылы Ұлттық қорға қайтаруды жүзеге асырады.

Өткен қаржы жылының қорытындылары бойынша жергілікті атқарушы органдар толық пайдаланбаған, Ұлттық қордан берілетін нысаналы трансферттің қаражаты есебінен республикалық бюджеттен бөлінген нысаналы трансферттер, осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес толық пайдалануға рұқсат етілгендерін және олар ағымдағы жылы республикалық бюджеттің кірісіне аударғандарын қоспағанда, республикалық бюджетті нақтылау немесе түзету кезінде қаржы жылы ішінде Ұлттық қорға қайтарылады.

24. Мемлекеттік қазынашылық республикалық бюджет бойынша түсімдердің және төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарының өзгерген сомаларын өзгерістер енгізілген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Ұлттық Банкке жеткізеді.

25. Ұлттық қорды басқаруға байланысты шығыстарды жүзеге асыру үшін Ұлттық Банк бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға ақы төлеу үшін шот-фактура жібереді.

26. Жыл сайынғы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жүзеге асыру үшін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес сыртқы аудитор ұсынған шот-фактураның көшірмесін және Ұлттық қордың шығыстарын растау туралы хабарламаны (бұдан әрі – хабарлама) Ұлттық Банкке жібереді.

27. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Ұлттық Банк пен Үкімет арасында жасалған сенімгерлік басқару туралы шартта белгіленген мерзімде Ұлттық Банкке бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның бірінші басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қойған хабарламаны жібереді.

Ұлттық Банк хабарламаның негізінде Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізуге байланысты шығыстарды жабуға арналған соманы Үкіметтің теңгелік шотынан есептен шығарады.

Ұлттық қордың хабарламаны орындауға қажетті теңгедегі қаражатын есепке алу үшін Үкіметтің шотында ақша болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайларда Ұлттық Банк Айырбастау қағидаларына сәйкес Ұлттық қор шотынан шетел валютасындағы ақшаның немесе активтердің бір бөлігін қайта айырбастауды жүргізеді.

28. Мемлекеттік қазынашылық және Ұлттық Банк осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес Ұлттық қордың ақша қоғалысын салыстырып тексеру ведомосы бойынша шетел валютасында түсетін қаражаттың теңгелік баламасын есепке алу үшін Үкіметтің теңгелік шоты және Үкіметтің теңгедегі тиісті шоты бойынша ақша қозғалысын салыстырып тексеруді ай сайын жүзеге асырады.

29. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган өзінің ресми интернет-ресурсында Ұлттық қор қаражатын басқару және пайдалану жөніндегі ақпаратты жартыжылдық негізде орналастырып тұрады.

Активтерді Қазақстан
Республикасының Ұлттық
қорына есепке жатқызу,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын пайдалану
қағидаларына
1-қосымша
Нысан
№ бет
Қалыптастырылған күні

_____ жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақшаның қозғалысы туралы есеп _____ жылдың есепті кезеңі

Индексі: ДДКСННФ-1

Кезеңділігі: ай сайын, жыл сайын

Ұсынады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 15-і күніне дейінгі мерзімде

Өлшем бірлігі _____

Бірыңғай бюджеттік сыныптама коды	Атауы	Жыл басынан бері сома өсу қорытындысымен
-----------------------------------	-------	--

1	2	3
I. Кірістер:		
1	Салықтық түсімдер	
1	Табыс салығы	
1	Корпоративтік табыс салығы	
5	Мұнай секторы ұйымдарының заңды тұлғаларынан алынатын корпоративтік табыс салығы	
5	Тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	
2	Акциздер	
25	Мұнай секторының ұйымдарынан шикі мұнайға, газ конденсатына акциздер	
1	2	3
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланудан түсетін түсімдер	
22	Мұнай секторының ұйымдарынан алынатын үстеме пайда салығы	
25	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін бонустар	
26	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы	
27	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін экспортқа рента салығы	
28	Мұнай секторының ұйымдарынан Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша үлесі	
29	Өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін жер қойнауын пайдалануға балама салық	
2	Салықтық емес түсімдер	
4	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік	

	мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
2	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторының ұйымдарына салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
1	Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторының ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
2	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторының ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
3	Зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша мұнай секторының ұйымдары табиғат пайдаланушылардан алған қаражат	
6	Өзге де салықтық емес түсімдер	
1	Өзге де салықтық емес түсімдер	
11	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	
3	Жерді және материалдық емес активтерді сату	
1	Жер сату	
2	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	
II. Бюджеттік кредиттерді өтеу		
5	Бюджеттік кредиттерді өтеу	
1	Бюджеттік кредиттерді өтеу	
1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	

23	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу	
24	Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу	
25	Мамандандырылған ұйымдарға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу	
1	2	3
III. Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		
6	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
1	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
1	Ел ішінде қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
3	Республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	
7	Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер	
IV . Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы (бұдан әрі – ҚБШ) түсімдердің жиыны		
V. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-дан аударымдар		
13	Өзге	
9	Өзге	
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	

5	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қаражат аударуды ұйымдастыру	
339	Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы трансферттер	
VI. Түсімдер мен аударымдар сальдосы		
VII. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-дағы қаржы жылының басындағы ақша қалдығы		
VIII. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-дағы есепті кезеңнің соңындағы ақша қалдығы		

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Активтерді Қазақстан
Республикасының Ұлттық
қорына есепке жатқызу,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын пайдалану
қағидаларына
2-қосымша
Нысан
№ бет
Қалыптастырылған күні

_____ жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы ақшаның қозғалысы туралы есеп _____ жылдың есепті кезеңі

Индексі: ДДКСННФ-1

Кезеңділігі: ай сайын, жыл сайын

Ұсынады: Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Жоғары аудиторлық палатасы, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі

Ұсыну мерзімі: есепті айдан кейінгі айдың 15-і күніне дейінгі мерзімде

Өлшем бірлігі _____

Бірыңғай бюджеттік сыныптама коды	Атауы	Жыл басынан бері сома өсу қорытындысымен
1	2	3
I. Кірістер:		
1	Салықтық түсімдер	
1	Табыс салығы	
1	Корпоративтік табыс салығы	

5	Мұнай секторы ұйымдарының заңды тұлғаларынан алынатын корпоративтік табыс салығы	
5	Тауарларға, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерге салынатын ішкі салықтар	
2	Акциздер	
25	Мұнай секторының ұйымдарынан шикі мұнайға, газ конденсатына акциздер	
1	2	3
3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланудан түсетін түсімдер	
22	Мұнай секторының ұйымдарынан алынатын үстеме пайда салығы	
25	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін бонустар	
26	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы	
27	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін экспортқа рента салығы	
28	Мұнай секторының ұйымдарынан Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша үлесі	
29	Өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторының ұйымдарынан түсетін жер қойнауын пайдалануға балама салық	
2	Салықтық емес түсімдер	
4	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджеті (шығыстар сметасы) есебінен ұсталатын және	

2	қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторының ұйымдарына салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
1	Орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторының ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
2	Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторының ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
3	Зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша мұнай секторының ұйымдары табиғат пайдаланушылардан алған қаражат	
6	Өзге де салықтық емес түсімдер	
1	Өзге де салықтық емес түсімдер	
11	Мұнай секторының ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер	
3	Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	
3	Жерді және материалдық емес активтерді сату	
1	Жер сату	
2	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер	
II. Бюджеттік кредиттерді өтеу		
6	Бюджеттік кредиттерді өтеу	
1	Бюджеттік кредиттерді өтеу	
1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	
23	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу	
3	Ұлттық қордан нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен	

	берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	
1	Облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарына Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу	
2	Мамандандырылған ұйымдарға Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеу	
III. Қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер		
7	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
1	Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
1	Ел ішінде қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	
3	Республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер	
7	Ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер	
IV. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қолма-қол ақшаны бақылау шотындағы (бұдан әрі – ҚБШ) түсімдердің жиыны		
V. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-дан аударымдар		
13	Өзге	
9	Өзге	
217	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі	
5	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына қаражат аударуды ұйымдастыру	
339	Мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін ағымдағы трансферттер	

VI. Түсімдер мен аударымдар сальдосы

VII. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-дағы қаржы жылының басындағы ақша қалдығы

VIII. Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының ҚБШ-дағы есепті кезеңнің соңындағы ақша қалдығы

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Есепті қалыптастыруға жауапты құрылымдық бөлімшенің басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Активтерді Қазақстан
Республикасының Ұлттық
қорына есепке жатқызу,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын пайдалану
қағидаларына
3-қосымша

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан трансферт бөлуге жылғы " " өтінім

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан ақшаны мынадай деректемелер бойынша аудару қажеттігі туралы хабарлайды: кепілдендірілген/нысаналы (қажеттісінің асты сызылсын)

Бюджеттің атауы	Бенефициардың атауы	Бенефициардың ЖСК	Бенефициар банктің БСК	БСН	Бюджеттік сыныптама коды	Төлем мақсатының коды	Теңгедегі сома
Республикалық бюджет							

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

ЖСК – жеке сәйкестендіру коды;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

БСН – бизнес – сәйкестендіру нөмірі.

Активтерді Қазақстан
Республикасының Ұлттық
қорына есепке жатқызу,
Қазақстан Республикасының
Ұлттық қорын пайдалану
қағидаларына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының шығыстарын растау туралы хабарлама

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұсынған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару және жыл сайынғы сыртқы аудитті жүргізу бойынша шығыстарды негіздейтін құжаттарды қарап, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шотынан мынадай шығыстарды есептен шығаруға келісетіні туралы хабарлайды:

Р/с №	Шығыстардың түрлері	Теңгедегі сома
1.	Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне комиссиялық сыйақы	
2.	Сыртқы басқарушыларға комиссиялық сыйақы	
3.	Кастодиандардың көрсетілетін қызметтері	
4.	Заң кеңесшісінің көрсетілетін қызметтері	
5.	Сыртқы аудитордың көрсетілетін қызметтері	
6.	Нысаналы талаптарды төлеу және нысаналы жинақтарды аударуға, есепке жатқызу мен төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша шығыстарды жабу	
7.	Басқа да шығыстар	
8.	Сыртқы басқарушымен келісімдерді мерзімінен бұрын бұзған кезде туындаған шығындар	
9.	Барлығы	

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Активтерді Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына есепке жатқызу, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларына 5-қосымша

20 жылғы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры ақшасының қозғалысын салыстырып тексеру ведомосы

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның деректері бойынша жүргізілді			Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері бойынша жүргізілді			Алшақтық
Сомасы			Сомасы			

Күні	Төлем құжатының №	Қазынашылық комитетінің БСК	Дебет	Кредит	Күні	Төлем құжатының №	БСК	Дебет	Кредит	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Барлығы есепке жазылғаны _____

Ескертпе: аударылды

Ай соңындағы қалдық _____

Алшақтық себептері:

Мемлекеттік қазынашылықтың басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Мемлекеттік қазынашылықтың жауапты орындаушысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің уәкілетті бөлімшесінің басшысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Орталық бөлімнің/уәкілетті басқарманың жауапты орындаушысы _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Ескертпе: аббревиатураның толық жазылуы:

БСК – банктік сәйкестендіру коды.

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2025 жылғы 2 шілдедегі
 № 500 қаулысымен
 бекітілген

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру мен пайдалану туралы жылдық есепті жасау нысандары

1-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20 жылдың есепті кезеңіндегі түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп

Индексі: ФФИНФ-1

Кезеңділігі: жылдық

Ұсынады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган

Қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Үкіметі

Ұсыну мерзімі: есептіден кейінгі жылдың 1 маусымына дейінгі мерзімде.

Р/с №	Есеп бабының атауы	Сомма, мың теңге
1	2	3
1.	Ұлттық қордың есепті кезеңнің басындағы қаражаты, барлығы:	
	Түсімдер, барлығы:	

<p>2. 2.1.</p>	<p>оның ішінде: мұнай секторы ұйымдарынан түсетін тікелей салықтар (жергілікті бюджеттерге есепке жатқызылатын салықтарды қоспағанда), оның ішінде: корпоративтік табыс салығы; мұнай секторы ұйымдарынан шикі мұнайға, газ конденсатына акциздер; үстеме пайда салығы; бонустар; пайдалы қазбаларды өндіру салығы; экспортқа рента салығы; Қазақстан Республикасының жасалған келісімшарттар бойынша өнімді бөлу бойынша үлесі;</p>	
	<p>өнімді бөлу туралы келісімшарт бойынша қызметті жүзеге асыратын жер қойнауын пайдаланушының қосымша төлемі және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін жер қойнауын пайдалануға балама салық;</p>	
<p>2.2.</p>	<p>мұнай секторы ұйымдары жүзеге асыратын операциялардан түсетін басқа да түсімдер (жергілікті бюджеттерге есепке жатқызылатын түсімдерді қоспағанда), оның ішінде: орталық мемлекеттік органдар, олардың аумақтық бөлімшелері мұнай секторы ұйымдарына салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер мұнай секторы ұйымдарына салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар; зиянды өтеу туралы талап қоюлар бойынша табиғат пайдаланушылардан мұнайының секторы ұйымдары алған қаражат; мұнай секторы ұйымдарынан түсетін басқа да салықтық емес түсімдер;</p>	

2.3.	ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер;	
2.4.	республикалық меншікті жекешелендіруден түсетін түсімдер;	
2.5.	ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және олардың еншілес, тәуелді және олармен үлестес болып табылатын өзге де заңды тұлғалардың активтерін бәсекелес ортаға беруден түсетін түсімдер;	
2.6.	екінші деңгейдегі банктердің кредиттік портфельдерінің сапасын жақсартуға маманданатын ұйымның активтерді сатуынан түсетін түсімдер;	
2.7.	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферттер есебінен республикалық бюджеттен 2024 жылғы 1 қаңтарға дейін бөлінген бюджеттік кредиттерді өтеуден түсетін түсімдер;	
2.8.	республикалық бюджеттен берілетін нысаналы трансфертті қайтару;	
2.9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де түсімдер мен кірістер	
3.	Пайдалану, барлығы:	
3.1.	кепілдендірілген трансферт;	
3.2.	нысаналы трансферттер;	
3.3.	Ұлттық қорды басқаруға және жыл сайын аудит жүргізуге байланысты залалды жабу;	
3.4.	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес нысаналы талаптарды төлеуге және нысаналы жинақтарды аударуға, есепке жатқызу мен төлеуге байланысты банктік көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуге арналған шығыстар	
4.	Инвестициялық кіріс, барлығы:	
4.1.	басқару нәтижелері бойынша теңгемен есептелген пайда/залал;	

4.2.	қайта есептеу кезіндегі бағамдық айырма	
5.	Ұлттық қордың есептелген және төленбеген шығыстары сомасының өзгеруі	
6.	Мерзімінен бұрын өтеуді ескергенде, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарының бастапқы тану кезіндегі әділ (нарықтық) құны мен нақты құны арасындағы айырма	
7.	Айырма мен дөңгелектеу, оның ішінде өткен жылдардағы қаржылық есептілікте көрсетілгендер	
8.	Ұлттық қордың есепті кезеңнің соңындағы қаражаты, барлығы:	

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның жауапты орындаушысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

2-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20 жылдың есепті кезеңіндегі активтері мен міндеттемелері туралы есеп

Индексі: ФФИНФ-2

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес

(мың теңге)

Баптардың атауы	Ағымдағы кезеңнің соңына	Өткен жылдың соңына
1	2	3
Активтер		
...		
Активтердің жиыны		
Міндеттемелер		
...		
Міндеттемелердің жиыны		
Таза активтер		

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептілікті жасауға жауапты бөлімшесінің басшысы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

3-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20__ жылдың есепті кезеңіндегі жиынтық кірісі туралы есеп

Индексі: ФФИНФ-3

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес.

(мың теңге)

Баптардың атауы	Ағымдағы жылдың басынан бергі кезең үшін	Өткен жыл үшін
1	2	3
Кірістер		
...		
Кірістердің жиыны		
Залалдар		
...		
Залалдардың жиыны		
...		
Таза пайда/(залал)		
Өзге де жиынтық кіріс/(залал)		
...		
Өзге де жиынтық кіріс/(залал)		
Кезең ішіндегі жиынтық кірістің/(залалдың) барлығы		

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептілікті жасауға жауапты бөлімшесінің басшысы _____

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

4-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының 20__ жылдың есепті кезеңіндегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

Индексі: ФФИНФ-4

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес.

(мың теңге)

Баптардың атауы	Ағымдағы жылдың басынан бергі кезең үшін	Өткен жыл үшін
Операциялық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың қозғалысы:		
Таза пайда/(залал)		
Мыналарға түзетулер:		
...		
Операциялық қызметтен түсетін ақша қаражатының операциялық активтердегі және міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі қозғалысы		
Операциялық активтердің (ұлғаюы)/азаюы:		
...		
Операциялық міндеттемелердің ұлғаюы/(азаюы):		
...		
Ақшалай қаражаттың операциялық қызметтегі (қызметтен) таза түсімі/(пайдаланылуы)		
Ақшалай қаражаттың инвестициялық қызметтен түсетін қозғалысы:		
...		
Ақшалай қаражаттың инвестициялық (қызметтен) қызметтегі таза түсімі/(пайдаланылуы)		
Қаржылық қызметтен түсетін ақшалай қаражаттың қозғалысы:		
...		

Ақшалай қаражаттың қаржылық (қызметтен) қызметтегі таза түсімі/ (пайдаланылуы)		
Ақшалай қаражаттың және олардың баламаларының таза ұлғаюы/(азаюы)		
...		
Кезеңнің басындағы ақшалай қаражат және оның баламалары (залалға арналған бағалау резервін шегергенге дейін)		
Кезеңнің соңындағы ақшалай қаражат және оның баламалары (залалға арналған бағалау резервін шегергенге дейін)		

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептілікті жасауға жауапты бөлімшесінің басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

5-нысан

Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының таза активтеріндегі 20__ жылдың есепті кезеңіндегі өзгерістер туралы есеп

Индексі: ФФИНФ-5

Кезеңділігі: жыл сайын

Ұсынады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

Қайда ұсынылады: бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган

Ұсыну мерзімі: Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын сенімгерлік басқару туралы шартқа сәйкес.

(мың теңге)

Баптардың атауы	Түсімдер	Аударымдар	Таза пайда/ (залал)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	Таза активтердің жиыны
1	2	3	4	5	6
Өткен кезеңнің басындағы қалдық					
Таза пайда/(залал)					
Өзге де жиынтық кіріс					

Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта жіктелмейтін баптар:					
...					
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қайта жіктелмейтін баптардың барлығы:					
Кезеңдегі өзге де жиынтық кірістің барлығы					
Меншік иелерімен жасалатын, таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген операциялар					
...					
Меншік иелерімен жасалатын, таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген операциялардың барлығы					
Өткен кезеңнің соңындағы қалдық					
	Түсімдер	Аударымдар	Таза пайда/ (залал)	Валютаны қайта бағалау бойынша резерв	Таза активтердің жиыны
Ағымдағы кезеңнің басындағы қалдық					
Таза пайда/(залал)					
Өзге де жиынтық кіріс					

Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қ а й т а жіктелмейтін баптар:					
...					
Кейіннен пайданың немесе залалдың құрамында қ а й т а жіктелмейтін баптардың барлығы:					
Кезеңдегі өзге де жиынтық кірістің барлығы					
Меншік иелерімен жасалатын, таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген операциялар					
...					
Меншік иелерімен жасалатын, таза активтердің құрамында тікелей көрсетілген операциялардың барлығы					
Ағымдағы кезеңнің соңындағы қалдық					

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің есептілікті жасауға жауапты бөлімшесінің басшысы

(қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасау қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі – Бюджет кодексі) 57-бабының 10-тармағына және 64-бабының 5-тармағына сәйкес әзірленді және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын (бұдан әрі – Ұлттық қор) қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасау тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті жасау тәртібі

2. Ұлттық қорды қалыптастыру және пайдалану туралы есептілік Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 64-бабына сәйкес жүргізіледі.

3. Ұлттық қордың түсімдері мен пайдаланылуы туралы есепті мемлекеттік қазынашылық есепті айдан кейінгі айдың 5-і және 20-ы күні тиісінше 1-і және 15-і күнгі жағдай бойынша жасайды.

4. Ұлттық қорды қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есепті бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкімен (бұдан әрі – Ұлттық Банкі) бірлесіп Ұлттық қор аудитінің нәтижелерін енгізе отырып, жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырына дейін жасайды.

5. Ұлттық қорды қалыптастыру және пайдалану туралы жылдық есеп мыналарды қамтиды:

осы қаулымен бекітілген 1-нысан бойынша Ұлттық қордың есепті кезеңдегі түсімдері мен пайдаланылуы туралы есеп;

Ұлттық қорды сенімгерлік басқару бойынша Ұлттық Банктің қызметі туралы есеп, ол нысандар бойынша мынадай есептерден тұрады:

1) осы қаулымен бекітілген 2-нысан бойынша Ұлттық қордың есепті кезеңдегі активтері мен міндеттемелері туралы есеп;

2) осы қаулымен бекітілген 3-нысан бойынша Ұлттық қордың есепті кезеңдегі жиынтық кірісі туралы есеп;

3) осы қаулымен бекітілген 4-нысан бойынша Ұлттық қордың есепті кезеңдегі ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп;

4) осы қаулымен бекітілген 5-нысан бойынша Ұлттық қордың есепті кезеңдегі таза активтеріндегі өзгерістер туралы есеп.

6. Бюджет кодексі 64-бабының 3-тармағына сәйкес Үкімет Ұлттық Банкпен бірлесіп жылдық есепті жүргізілген сыртқы аудит нәтижелерімен қоса, ағымдағы жылғы 1 маусымнан кешіктірмей Қазақстан Республикасы Президентінің бекітуіне енгізеді.

Ұлттық қорды сенімгерлік басқару нәтижелері бойынша аудиттелген жылдық қаржылық есептілікке бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы, Ұлттық Банктің Төрағасы және бас бухгалтері қол қояды.

7. Ұлттық Банк және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган Ұлттық қорды сенімгерлік басқару туралы шартта көзделген міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 2 шілдедегі
№ 500 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысы.

2. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1188 қаулысы.

3. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 408 қаулысы.

4. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 154 қаулысы.

5. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 1 қарашадағы № 821 қаулысы.

6. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 6 мамырдағы № 296 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 11 сәуірдегі № 210 қаулысы.

8. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 13 ақпандағы № 121 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өкімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы.

9. "Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына активтерді есептеу және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын пайдалану қағидаларын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 267 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 349 қаулысы.